Мультимедийные ресурсы и фильмы как средство увлечения. Одним из наиболее эффективных методов повышения интереса к истории являются мультимедийные ресурсы. Современные фильмы, документальные ленты, а также видеоматериалы могут сделать обучение не только более ярким, но и более доступным для восприятия.

• Документальные фильмы и визуальные средства. Просмотр фильмов, таких как «Тарих шежіресі» или «Қазақ хандығы», помогает ученикам лучше понять контекст исторических событий, увидеть их в ярких образах и метафорах, что стимулирует интерес к дальнейшему изучению темы.

• Интерактивные презентации и виртуальные экскурсии. Использование 3D-моделей исторических объектов, реконструкций событий и музейных коллекций через интернет позволяет ученикам не только изучать факты, но и «погружаться» в исторический контекст.

Экскурсии и виртуальные туры по историческим памятникам. Познание истории через непосредственное взаимодействие с культурным наследием играет важную роль в углублении знаний школьников. Экскурсии по историческим местам Казахстана — от памятников Великой Отечественной войны до древних городищ и мавзолеев — создают уникальную возможность для непосредственного погружения в атмосферу прошлого.

• Виртуальные туры. Для школ, где нет возможности организовать выездные экскурсии, отлично подходят виртуальные туры по историческим памятникам Казахстана, таким как мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави в Туркестане или исторический комплекс «Азия» в Алматы.

Формирование аналитических и критических навыков. Важно, чтобы уроки истории не ограничивались запоминанием фактов, но и развивали у школьников аналитические способности. Это позволит им понимать не только «что» происходило, но и «почему» так происходило и какие последствия имели эти события.

• Анализ причинно-следственных связей. Разбор исторических явлений через призму причин и следствий, обсуждение альтернативных решений и гипотетических ситуаций помогает ученикам развить логическое мышление.

• Критическое восприятие источников. Применение разных видов источников — от письменных документов до устных свидетельств — дает возможность ученикам научиться критически относиться к информации, задаваться вопросами и анализировать достоверность различных материалов.

Расширение кругозора через дополнительные ресурсы. Школьники должны иметь возможность самостоятельно углубляться в изучаемую тему. Использование дополнительных источников — от научных статей до архивных документов — помогает расширить кругозор и лучше понять многогранность исторических событий.

• Дополнительная литература и источники. Чтение научных трудов, книг по истории Казахстана и интервью с историками, участие в исторических форумах и конференциях могут стать основой для углубленного понимания предмета.

Патриотизм и идентичность через изучение истории. Одной из ключевых целей преподавания истории является формирование у школьников чувства гордости за свою страну и национальное наследие. Осознание важности исторического пути Казахстана помогает выработать у учеников патриотизм и уважение к своей культуре.

• Знание своей истории как основа для патриотизма. История Казахстана полна выдающихся личностей, великих побед и важнейших событий. Разговоры о тех, кто в разные исторические эпохи стоял на защите страны, помогают детям почувствовать связь с прошлым и с теми, кто создавал будущее их родины.

Для эффективного повышения знаний учеников на уроках истории Казахстана необходимо сочетать традиционные методы с инновационными подходами, активно использовать технологии и мультимедийные ресурсы, а также создавать условия для самостоятельного и глубокого изучения материала. Важно, чтобы уроки истории не только учили фактам, но и развивали у школьников аналитические навыки, способность критически осмысливать информацию и делать выводы. Такой подход способствует не только глубоком знанию истории своего народа, но и воспитанию осознанного, патриотичного и мыслящего поколения, готового активно участвовать в развитии своей страны.

Использованная литература

1. Мухамедьяров, С. Т. Инновационные методы преподавания в истории Казахстана. — Алматы: «ҚазҰУ баспасы», 2021. — 45 с.

2. Абдуллина, Г. М. Технологии активного обучения на уроках истории: от традиции к инновации. — Нур-Султан: «Шапагат», 2022. — 167 с.

3. Байжанов, Е. К. Патриотическое воспитание в контексте истории Казахстана: теоретические и практические аспекты. — Алматы: «Ғылым», 2020. — 79 с.

4. Тулебаев, Р. Б. Современные образовательные технологии в преподавании истории Казахстана. — Астана: «Дәстур», 2023. — 124 с.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

UZDIK KALAM

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Шкибаева Гульдана Кабеновна
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
"№5 орта мектебі " КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі заманда білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығы маңызды орын алуда. Бастауыш сынып оқушыларының функционалды оқу сауаттылығын дамыту — бұл оқушылардың оқу дағдыларын, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе алу , ойлау қабілеттерін және ақпаратты талдау дағдыларын жетілдіруге бағытталған маңызды процесс. Функционалды оқу сауаттылығы, яғни мәтінді түсініп оқу, талдау, бағалау және қолдана білу дағдылары бүгінгі білім беру жүйесінде үлкен маңызға ие.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық — бұл адамның мәтіндерді дұрыс түсініп, оларды өз қажетіне қарай пайдалану қабілеті. Ол тек жазу немесе оқу дағдысымен шектелмейді, сонымен қатар, оқушының ақпаратты өңдей алу, шешім қабылдай білу және қарым-қатынас жасау дағдыларын қамтиды.

Мемлекеттік тілдің іргетасы бастауыш мектепте қаланады. Өйткені қазақ тілін оқыту арқылы - бастауыш сынып оқушылары өз ұлтының мәдениетімен терең танысып, қазақ тілінде таза сөйлеуге үйренеді. Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын жетілдіру мен қатар, мәтіндермен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады. Мұғалімдер әр сабағында оқушыларды сөздер мен сөйлемдер арқылы өз ойларын дәл және түсінікті жеткізе білуге үйретеді. Бұл өз кезегінде оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға әсер етеді.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары

Оқу дағдыларын қалыптастыру: Оқушылардың оқу дағдыларын дамыту үшін мәтіндерді дұрыс оқып, түсініп, оларға талдау жасау керек. Сонымен қатар, оқушыларға түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс жасау, оларды қысқаша мазмұндап, сұрақтарға жауап беру сияқты тапсырмалар беріледі. Жазу дағдыларын жетілдіру: Бастауыш сынып оқушылары жазу дағдыларын дамытумен қатар, әртүрлі жазба жұмыстарын орындауға үйренеді. Оқушылардың өз ойларын дұрыс, нақты, толық жеткізуіне көмектесу үшін түрлі тақырыптарға жазба жұмыстарын ұйымдастыру маңызды.

Сөйлеу дағдыларын дамыту: Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін қазақ тілінде диалогтар мен әңгімелер жүргізу, олардың өз ойын анық және еркін жеткізе білуін қадағалау қажет. Сонымен қатар, жеке және топтық жұмыстар арқылы балалардың коммуникативтік қабілеттері шыңдалады.

Шығармашылық тапсырмалар: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оларды түрлі тақырыптарда шығармалар, ертегілер жазуға, өз ойларынан қысқаша әңгімелер құрастыруға ынталандыру керек

Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында функционалды оқу сауаттылығын дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері:

- Мәтінмен жұмыс жүргізу: Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін түрлі типтегі мәтіндермен жұмыс жүргізу қажет. Мысалы, көркем және суретті мәтіндер арқылы оқушылардың мәтінді түсіну, сұрақтарға жауап беру, мәліметтерді жинақтау дағдылары қалыптасады.
- Кейіпкерлер мен оқиғаларды талдау: Әдеби мәтіндер мен шығармаларды оқу кезінде оқушылардың кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, мотивтерін, оқиғалар арасындағы байланысты талдай білу қабілеттерін дамытуға болады.
- Жазбаша тапсырмалар: Оқушыларға тек мәтін оқу емес, сонымен бірге оқыған мәтіні бойынша өз ойларын жазбаша түрде жеткізу тапсырмаларын беру. Бұл олардың жазбаша сауаттылығын дамытуға көмектеседі.
- Топтық жұмыс және пікірталас: Оқушыларды топқа бөліп, оларды белгілі бір тақырыпта пікірталас жүргізуге шақыру. Бұл әдіс оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, мәтіннен алған ақпараттарын біріктіруге көмектеседі.

• Сұрақ қою және жауап алу әдістері: Оқушыларға сұрақ қою мен жауап алу әдістерін үйрету. Бұл олардың мәтіннің мағынасына терең үңілуіне, оған қатысты сұрақтар қоюына ықпал етеді.

• Саралау және деңгейлік тапсырмалар: Әр оқушының жеке мүмкіндігіне сәйкес тапсырмалар беру. Бұл оқушылардың өз деңгейінде жұмыс істеуіне және өз білімін тиімді арттыруына мүмкіндік береді.

• Мультимедиалық ресурстарды пайдалану: Видео, суреттер, интерактивті тақталар арқылы оқушылардың оқу процесін қызықты және тиімді ету.

• Әңгімелесу және жекелей оқыту: Әр оқушының оқу қарқынына қарай жеке әңгімелесу немесе жекелей оқыту сеанстарын ұйымдастыру. Бұл әдіс оқушылардың оқу материалын түсіну деңгейін тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптарда ана тілі сабағынан бастап оқушының оқу тілін дамыта отырып, әдеби жазба тілмен де, көркем сөйлеуін де дамытамыз.

Өз тәжірибемде қолданылған әдіс- тәсілдермен бөлісетін болсам:

« Суреттер сөйлейді» Мәтін желісі бойынша берілген суреттерге қарап мәтіннің мазмұнын айтады. « Адасқан әріптер» Оқушылар орындары ауыстырылып берілген әріптерден сөз құрастырулары керек . Құрастырылған сөздеріне сөйлем құрау.

« Ұйқасын тап» әдісі

• Бестік алсаң жарайсың

Білмесең жерге .....

• Атам кеше құс атты

Біреуін маған.....

« Кубизм», «Сиқырлы парақша», « Тарсия» әдістері. Осы аталған әдістерді бастауыш сыныпта қазақ тілі сабағында тиімді қолдана білсек, оқу, жазумен қатар оқушылардың сөздік қорын, ойлау, қарым-қатынас жасау қабілеттерін де дамытамыз.

Қорыта келгенде қазақ тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту — бұл тек оқу, жазуға үйретумен шектелмейді, сонымен қатар оқушылардың сөздік қорларын дамыту арқылы өз ойларын, пікірлерін дұрыс жеткізе білуін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыс болып табылады. Әрбір мұғалім осы мақсатқа жету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын ескеріп, олардың функционалдық

і к а п т	**м ұ а м ғ л і**	**о ш қ у ы**	**ү л г**	**м к е т е п**
кітап	**мұғалім**	**оқушы**	**гүл**	**мектеп**

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖАЗУҒА БАУЛУ

Шырдабаева Лаззат Есентурлиевна
Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Кемерши ауылы
"Қ. Жазықов атындағы орта мектебі" КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

XXI ғасырда білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оның сапасы да жаңаша сипатталып, білімнің – құндылық, жүйе, үрдіс, нәтиже ретінде төрт жақты сипаты біртұтас қарастырылады. Біздің елімізде білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті жаңа сапалық сипатқа ие болуда. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесі – білім, білік, дағдыны меңгеруге бағытталудан біліктілік алуға көшуді міндеттейді. Сондықтан да әлемдік білім беру кеңістігінде таралған, өркениетті елдерге тән білім беру ісі нәтижеге бағытталған білім үлгісін заманауи технология көмегімен, оқушы үшін қызықты етіп жеткізу үрдісі өзекті болып табылады.

Бұл бағдарламамен жұмыс жасау арқылы мұғалім оқушының өз пәніне қызығушылығын арттырып, оқушының пәнді жаңа қырынан тануына жол ашады. Мұғалім өз пәнінің құндылығын арттыра алады. Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты - бүгінгі таңда оқушы үшін зиян деп жүрген дүниелерді пайдалы тұсынан қолдандыра отырып, оқушыны сабақ оқуға бейімдеу. Функционалдық сауаттылыққа баулуда аталған жобаның алатын орны ерекше.

Бағдарламаның негізгі бөлімінде шынайы өмірдің құбылыстарын біліммен байланыстыра, ұштастыра оқытудың білім алушының пәнге деген ынта-ықыласын арттырып, білім алуға деген құлшынысын, сүйіспеншілігін оятады, күш-жігер беретіндігіне педагогикалық тәжірибелік дәлелдер арқау болады. Жауап іздеуде проблемалық жағдаят барысында түсінік қалыптасады, басқалармен бірігіп, командалық жұмыс жасауды үйренеді, өз жұмысын сараптауды үйренеді, сұрақ қоя білуге дағдыланады, сауалнама алады, зерттеу жүргізеді, проблеманың шешіміне жұмыс жасайды, креативті пікір айтады, гипотеза туындатады.

Тақырыпты терең меңгеруге, оны барлық жағынан қарауға жетелейтін PBL жобасы да оқушыны ізденіске үйретеді. Бұл тәсілдің негізгі шарты — ғылыми жобаны кәдімгі өмірмен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан ойлауды және көптеген ақпаратты коммуникациялық технологияларымен жұмыс істеуді үйретеді.

Авторлық бағдарлама негізінде оқыту жетекшінің қадағалауымен, қағазға басылған ақпаратты қолдану және оқыту-жаттату тәсілдері арқылы білім беру түрлеріне баламалы болып табылады. Аталған әдістің жақтаушылары оның білім беруде тақырыпты терең түсінуге, пәнді кең ауқымды қабылдауға, жеке оқушылармен және топпен байланыс құруда коммуникациялық қабілет, лидерлік, шығармашылық және сауаттылық қабілеттің артуына үлкен септігін тигізеді деп есептейді. Осындай ұтымды жақтары бұл жобалық тәсілдің тиімділігінің дәлелі болып табылады.

Авторлық бағдарламаның ерекшелігі. Авторлық бағдарлама барлық пән мұғаліміне қосымша құрал бола алады. Жобада пән білімі киберпедагогикамен ұштастырылып беріледі. Бұл өз кезегінде оқушыны қызықтырып, ізденіске, өз бетінше жұмыс жасауға баулиды. Бұл әдіс негізінде оқушыға оқу жылының тақырыптарын қамтитын, қазіргі уақытпен байланысқан және оқушының деңгейіне сай жоба беріледі.

Авторлық бағдарламаның мақсаты – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Авторлық бағдарламаның өзектілігі. Білім берудің адамзат өмірінде маңызды екені, білім алушының зерттеу арқылы басқалармен коммуникативті қарым-қатынасқа түсуі білім беру әдісіне негіз бола алатынының дәлелі болғаны қарастырылады. Зерттеудің заманауи білім беру жүйесіне жоба негізінде оқыту қажеттілігі білім алушының қызығушылығын туындататын бірден-бір өзекті әдіс.

Негізгі идеясы. Бәсекеге қабілетті заманауи біліммен қаруланған қазақстандық патриот тұлға тәрбиелеу.

Бағдарлама «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары мен элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған

білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына (06.05. 2020 ж. енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді

2-бөлім.Ақпараттық–әдістемелік бөлім. Авторлық бағдарлама түсінік хатта көрсетілгендей мақсат, міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Бағдарламадағы тарауларға орай алынған тақырыптар білім беру стандартына сай игеруге тиіс материалдарды қамтиды. Ал осы тақырыпты игеруде қашықтан оқу барысында қолданылатын инновациялық тәсілдері тақырыптарды толық меңгеруге көмектеседі. Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы берілген тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар формативті бағаланады.

3-бөлім.Авторлық бағдарлама мазмұны 34 сағатқа берілген

4-бөлім.Авторлық бағдарламасының күнтізбелік-тақырыптық жоспары берілген . Аптасына – 1 сағаттан. Барлығы - 34 сағат .

5-бөлімде пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген

6-бөлім.Қосымша: ғылыми жобаның толық рәсімделуі

Жоспары

1. Ғылыми зерттеу жұмыстарының кезеңдері
2. Ғылыми жобаға тақырып таңдау
3. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерделеу
4. Зерттеу жұмысының жоспарын құру

ТАҚЫРЫП- мәселелердің өзіне тән сипатын көрсетеді, сонымен қатар тақырыпта қысқа формада құрылған, айқын бір мағыналы, дәл, жарнамалық мәселелерді шешу әдістері болады.

Ғылыми жоба тақырыптарын таңдау ережесі

1. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек.
2. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.
3.Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек.
4.Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.
5.тақырып жұмыс ұзақ жылдарға созылмай, тез орындалатындай болу керек.
6.Тақырыпты бәрі түсінетіндей болу керек, әрине тақырып оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келу керек.

Әдебиет көздерін сипаттау үлгілері:

1. Жексембекова В. Қазақстандағы этникалық қарым-қатынастар: прогресс үшін бірігу // Саясат, 2002, №11. 30-32 б.

Зерттеу жұмысын жүргізу кезеңдері

1.Зерттеу мәселелерін теориялық талдау.
2.Эксперименталды (практикалық бөлім) зерттеу
3.Зерттеу күнделігін жүргізу.
4.Алынған мәліметтерді өңдеу, ғылыми зерттеулер мен ұсынымдар қорытындыларын рәсімдеу.

Ғылыми жобада:

- бет парақ;
- мазмұны;
- кіріспе;
-теориялық бөлімі;
- зерттеу бөлімі;
- қорытынды;
-пайдаланған әдебиеттер тізімі;
-қосымша (егер қажет болса) болу керек.

Жалпы алғанда, оқушының ғылыми жобасы ұқыпты орындалу керек және әдемі рәсімделу керек. Әр жұмысқа жетекшінің пікірі берілу керек, онда таңдалған тақырыптың көкейкестілігі, автордың жұмысқа қосқан өз үлесі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерді одан әрі пайдаланудағы ұсынымдар көрсетіледі. Пікір ғылыми жетекшінің жеке қолымен расталады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ И ПРИЁМОВ САМОРЕГУЛЯЦИИ КАК СРЕДСТВА ФОРМИРОВАНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ НАВЫКОВ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С УЧЁТОМ КЛИПОВОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Щёголева Валентина Николаевна
КГУ «Новомихайловская средняя школа»
КГУ «Отдел обазования Мамлютского района»
КГУ «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»
Учитель биологии, педагог-исследователь

Тема доклада “Применение методов и приёмов саморегуляции как средства формирования у школьников навыков исследовательской деятельности с учётом клипового мышления на уроках биологии” актуальна в свете современных образовательных тенденций, направленных на развитие критического мышления и самостоятельности учащихся. В условиях быстрого информационного потока и клипового мышления, характерного для современного поколения, важно адаптировать методы обучения, чтобы способствовать глубокому пониманию и исследовательскому подходу к изучаемым предметам.

Актуальность: с учетом изменений в образовательной среде и потребностей общества, формирование у школьников навыков исследовательской деятельности становится приоритетной задачей. Методы саморегуляции, такие как планирование, мониторинг и оценка своей деятельности, могут значительно повысить эффективность учебного процесса. Важно учитывать особенности клипового мышления, которое требует от учащихся способности к быстрой обработке информации и критическому анализу.

Целью доклада является исследование возможностей применения методов и приёмов саморегуляции для формирования у школьников навыков исследовательской деятельности на уроках биологии, с учётом особенностей клипового мышления.

Задачи:

1.Рассмотреть возможности методов саморегуляции в формировании исследовательских навыков.

2. Выявить эффективные методы и приёмы саморегуляции, способствующие развитию исследовательских навыков у школьников.

3.Предложить практические рекомендации для учителей биологии по внедрению данных методов в учебный процесс.

Содержательные и операционные знания школьников в области исследовательской творческой деятельности и проявление творческих умений неустойчивы, не достаточно развиты и могут подвергаться изменениям в процессе грамотно организованного, целенаправленного вовлечения школьников в различные формы учебного исследования [1]. Исследование – это прежде всего работа с информацией. Информация зачастую поступает через интернет. А при использовании интернета теряется способность к глубокому анализу. Развивается способность быстро переключаться между разрозненными смысловыми фрагментами «клиповость», и неспособность к восприятию длительной линейной последовательности однородной информации, этим самым клиповое мышление становится доминирующим над логическим. Для решения этой проблемы необходимо развивать саморегуляцию в личности. Уровень саморегуляции личности является одним из показателей его успешности. Саморегуляция как самооценка – самоконтроль – самосознание – самоуважение – самоприказ– это не врождённые качества, а развивающиеся. Приёмы саморегуляции позволяют выявлять творческие способности у учащихся с учётом экономии времени на уроке благодаря их яркой, структурированной подачи.

Стремление узнать новое, испытать чувство радости от процесса познания – это основная задача исследовательской деятельности, при которой учащиеся овладевают прочными знаниям по предмету, что связано с волевыми усилиями самоорганизацией и самоконтролем личности, и применением знаний на практике.

Саморегуляция в биологии — это процесс, целью которого является сохранение динамического равновесия, постоянства внутренней среды. Из-

за всеохватности процесса в центре очень многих разделов естествознания лежит саморегуляция. В биологии это цитология, гистология, генетика, физиология животных и растений, экология [2]. Экспериментальные уроки разработаны по программе, в основе которой лежит конструктивистская теория, по принципу метакогнитивного процесса, через поисково-исследовательский метод, который способствует развитию креативной, коммуникабельной личности. Её основной идеей является сформировать у учеников навыков обучения тому, как обучаться и, как следствие, становление их независимыми, само организованными, увлечёнными, уверенными, ответственными личностями с развитым критическим мышлением, проявляющими компетентность в цифровых технологиях. А это возможно при создании на уроках проблемной ситуации, через задания повышенной сложности и внедрение творческих заданий, в соответствии с возрастными особенностями учеников и их способности к метасознанию и разного уровня саморегуляции и равнозначное присутствие клипового и логического мышления [3].

Рассмотрим следующую интерпретацию приёмов и методов саморегуляции на уроках биологии.

Создание коллаборативной среды в классе, которая даёт учащимся атмосферу комфорта, сотрудничества, взаимопонимания, доброжелательности позволяют такие приёмы как: «Добрые пожелания», «Почувствуй надёжное плечо друга!», “Мне нравится в тебе...”, “Клубок пожеланий”, “Круг радости”, «Поздоровайся локотками». Эти приёмы сближают учащихся между собой, дают им возможность раскрыться, преодолеть страх, неуверенность, к тому же далее на уроке при работе в парах, в группах учащиеся чувствуют себя более увереннее, комфортнее.

На этапе актуализации знаний учитель подготавливает учеников к работе, восприятию нового материала, напоминает детям ранее изученные темы, актуализируются их умения и навыки. Наиболее действенны следующие приёмы: «Наводящие вопросы», «Корзина идей», «Да-нет», «Ассоциативный ряд», «Продолжение фраз», «Прогнозирование по иллюстрации» и др. Эти приёмы саморегуляции, через передачу информации развивают коммуникативные навыки, самоорганизацию.

Для развития поисково-исследовательской деятельности применяются методы саморегуляции: «Карусель», «Пила», «Поход в супермаркет», «Защита постеров», «Лабораторные работы», которые стимулируют учащихся к самостоятельному нахождению и обдумыванию информации.

Просмотр видео, применением ИКТ используя естественное присутствия клиповости у учащихся ориентирует на внимательность, самоконтроль и умение вычленять главное из потока информации.

Для выполнения заданий на понимание и применение в середине урока, для развития критического мышления наиболее актуальны приёмы саморегуляции: «Пазлы», «Диаграмма Венна», «Найди свою пару», «Правда или Ложь», «Фиш боун», «Установи соответствие», которые помогают смоделировать действие ученика, через использование имеющихся знаний, и одновременного восприятия новых знаний. А также определить уровень усвоения нового материала. Собирая красочные пазлы ориентируясь на клиповость идёт формирование навыков моделирования, и развитие логики мышления. Разноуровневый диктант, приём «Stand-up» контролируют и позволяют определить уровень знаний каждого учащегося по данной теме, и западающие моменты у конкретных учеников. Стимулируют и выявляют лидерские способности учащихся. Опираясь на быстроту мышления способствует развитию самоконтроля и внимательности.

На формирующем этапе экспериментальной деятельности нами разработана и апробирована система методов и приёмов саморегуляции для формирования у школьников навыков исследовательской деятельности с учётом клиповости. Рассмотрено решение следующих проблем, через применение методов и приёмов саморегуляции:

-низкая концентрация внимания у учащихся;

-низкая устойчивость и необходимая смена деятельности для выполнения рутинных операций;

-поверхностное восприятие информации учениками.

Апробированы и проанализированы методы и приёмы саморегуляции на уроках биологии на базе КГУ «Новомихайловской средней школы».

В процессе эксперимента были определены следующие рекомендации:

1) на уроках биологии, при проведении лабораторных работ применение различных методов и приёмов саморегуляции невозможно, так как она имеет чёткий алгоритм выполнения.

2) в групповой работе, при наполняемости группы более 4-х человек приёмы саморегуляции менее эффективны. При большом количестве человек ученики неохотно берут на себя ответственность за выполнение той или иной работы, перекладывая ответственность на другого. В этом случае выявляется лидер, но не наблюдается показатель успеваемости ученика. То есть очевиден «эффект Рингельмана» (тенденция к снижению личной продуктивности отдельных членов группы по мере роста её численности).

3) При использовании метода ДжикСо необходим строгий регламент времени. Иначе урок пройдёт неудачно. А так как план урока — это рекомендации к действию, а сам урок и поведение детей непредсказуемы, то данный метод был исключён нами, как рекомендованный.

4) Оценивание без критериев может вызвать негодование, так как ученики среднего звена выставляют друг другу балы скорее не по знаниям, а по симпатиям.

5) Вступительное слово учителя способствует созданию коллаборативной среды в классе, которая даёт учащимся

атмосферу комфорта. В начале урока через наводящие вопросы, учащиеся самостоятельно определяют цели урока и совместно с учителем критерии оценивания на уроке.

6) Так как основной задачей на уроках является получение информации, через поисковую деятельность, то приём «Пазлы» способствует организовать работу для изучения материала.

7) Деления на группы позволяет вовлечь всех учащихся в учебную деятельность. Для совместного решения предложенных заданий (читать параграф, искать дополнительную информацию в интернет ресурсах) в группах по методу «Карусель» учащиеся вовлечены в учебную деятельность и отрабатывают способы их решения. В результате такой работы в поисковой деятельности учащимися группы С и В были даны чёткие ответы на вопросы, а учащимся группы А позволило зафиксировать результат в тетрадях для повторения при необходимости.

8) Для детей с высокой мотивацией приём «Поход в супермаркет» при подборе заданий согласно критериям урока, влияет для развития лидерских качеств. «Спикер» от каждой группы находил термины, характерные для темы урока, записанные на стикерах и расклеенные по классу. В это время остальные учащиеся могут выполнять биологический диктант, для систематизации приобретённых знаний. Так же данный диктант позволяет определить западающие моменты каждого ученика, а его результаты к самоанализу своих достижений.

9) После просмотра видео используя естественное присутствия клиповости у учащихся для формативного оценивания и актуализации опорных знаний применим приём «Stand-up». Весь класс встаёт. Слушает утверждение. Если ученик согласен, записывает на листочке-да, не согласен –нет. Учитель проговаривает правильный ответ. Кто ответил не верно садиться. Остальные продолжают отвечать на следующие вопросы. Отвечают до тех пор, пока не останется победитель. Этот приём даёт возможность мне, как учителю, определить уровень знаний каждого учащегося по данной теме, и западающие моменты у конкретных учеников, для оказания поддержки, через различные формы работы (парной, групповой, индивидуальной). У учащихся данный приём развивает саморегуляцию.

10) Приём «Найди ошибку» на понимание и применение, для развития индуктивного мышления. Применяя приём критического мышления удаётся закрепить биологические понятия, смоделировать действие ученика, через использование имеющихся знаний, и одновременного восприятия новых знаний. А также определить уровень усвоения нового материала.

11) Приём «Установи соответствие» способствует развитию интеллекта, выстраивание причинно-следственных связей. Ориентированно на уровень мыслительных навыков - навыки высокого порядка: анализ и синтез.

11) Рефлексия урока может проводиться как один, так и два раза. Например: в начале урока при заполнении таблицы, учащиеся смогли заполнить только два столбика, свободный же столбик позволял его заполнения в конце урока при уже изученном материале за урок. Такая форма позволила в начале урока создать проблемную ситуацию, а в конце урока полное его осмысления.

Сущность применения методов и приёмов саморегуляции заключается в становлении самостоятельности и творческой инициативы учеников. Развитии потребности самообразования, становлении исследовательской компетенции, то есть воспитании конкурентноспособной личности. Применение методов и приёмов саморегуляции строится на изучении интересов, доминирующего вида мышления (клипового) и потребностей детей.

Образовательные достижения изменяемы, а поэтому нуждаются в регулярном воспроизведении, они подлежат самооценке и внешней оценке, чтобы совершенствоваться и развиваться далее.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Халатян К.А. «Диагностика сформированности творческих умений учащихся в учебно-исследовательской деятельности» Журнал «Современные проблемы науки и образования».-2020.-№4.

2. Анастасова, Л. П. Самостоятельные работы учащихся по общей биологии [Текст]: пособие для учителя / Л. П. Анастасова.- 2-е изд., перераб.- М.:Просвещение, 1989.- 175 с. : ил.

3. Богоявленский, Д.Н. Формирования приемов умственной работы учащихся как путь развития мышления и активизации учения // Вопросы психологии. 1962. - № 4. 72 – 76 с.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ БОЙЫНША ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Калиева Наргул Изтаевна
«Бауыржан Момышұлы атындағы №62
ЖББОМ»

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы «Көркем еңбек» пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың ғылыми негіздерін айқындау және оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Соның бірі, өндіріс пен қызмет көрсету салаларында заманауи материалдардың пайда болуы, инновациялық технологиялардың, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үдемелі дамуы болып табылады.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының креативті ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру білім беру жүйесінің алдында тұрған ең негізгі мақсат болып табылады.

Оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік.

Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударудамыз. Көркем еңбек пәні арқылы әлемді эстетикалық және рухани түрде меңгеруге және тұлғаның өз ойын білдірудің бір тәсілі болып табылады.«Көркем еңбек» пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық, эмоционалдық түрде қабылдауларын қалыптастыруға бағытталған. Түрлі өнер салалары бойынша көркем білімдер мен дағдыларды қалыптастыру, әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, оқушылардың көркемдік қабілеттерін, кеңістікті және көру арқылы қабылдауларын, елесті, есте сақтау, зейін мен қиялды дамытуға негіз болып табылады. Көркем және басқа түрлі материалдар, құралдары мен тәсілдерін қолдану оқушылардың сенсорикасын, қолдың моторикасын және көзбен нақты мөлшерлеуін дамытады.

Ертеңгі күннің бүгінгіден де гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, адамның ортамен өзара қарым-қатынасын үйлестіру және жаңа қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол кезде өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу – сапалы білімнің қайнар көзі болады. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын жеделдетеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылығын ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін дамытатын, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын, әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасап ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы оқыту үдерісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпаратты

болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың оқу-тәрбие үдерісіне енуі мұғалімге жаңа бағыттағы мақсаттар қояды. Олар:

- өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электрондық құрылым жасақтау, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;
- әртүрлі компьютерлік желілерді қолдану.

«Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік деген не?» деген сұраққа келесідей жауап беруге болады: «Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді анықтауда ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеттілігі». Ақпараттық құзыреттілік:

- сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар аясында дұрыс шешім қабылдауға;
- өз бетімен мақсат қоюға және оны қорғауға, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;
- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, мүмкіндігінше заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Көркем еңбек сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, заманауи ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарын тиімді пайдалану оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда сабақ барысында әр түрлі Word-wall,Quizizz , Kahoot,Padlet оқу ресурстарын қолданамын.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

оқушының жеке дара жұмысы;

- аз уақытта мол білімге қол жеткізіп, уақытты үнемдеу;
- білім, білік, дағдыларын тест арқылы бақылау;
- шығармашылық тапсырмалар орындау;
- қашықтықтан оқу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты аз уақыттың ішінде табу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістерін әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейту.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары

1. АКТ оқытудағы тақырып шеңберіндегі не қандай да уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Оқыту жүйесінің көпдеңгейлі жетілдірілуі оқу сапасын арттырады.

3. Оқушы өз бетімен немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

4. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері жетіледі.

Осындай оқыту құралдарының бірі – цифрлық білім беру ресурстары. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушы өзбетімен шығармашылықпен айналысуға, теориялық білімін өмірмен ұштастыруға мүмкіндік алады.

Заманауи ақпараттық коммуникативтік технологиялар арқылы жүзеге асырылатын оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелеп, нәтижесінде өздерінің кәсіби әлеуетінің қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам жағдайында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын инновациялық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Оқушылардың заманауи ақпараттық коммуникативтік технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті дәстүрлі технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұ.Жазықбаева. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді. Шымкент,2021.

2. Т.Ш.Оралбекова Технология оқулығы. Алматы, 2016.

3. Т.Ш.Оралбекова Әдістемелік құрал (технология), Алматы, 2020

4. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы көркем еңбек оқу бағдарламасы. –Астана, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2020 – 58 б.

«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНАН «ҮЗДІК ҚАЛАМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

ТАЛАПТАР/ШАРТТАР

Авторлар қолжазбаларды мұқият тексеріп, түзетуі тиіс;
• автордың аты-жөнін (толық), ғылыми дәрежесін, атағын, қызметін, мекеменің толық атауын көрсету қажет;
• мақала авторының фотосуреті болуы шарт және өлшемі 4950х3510 пикселден (6х12 мм, 300 ppi кем емес) кем болмауы тиіс;
• мақалаға оның мәні мен идеясын айқындайтын сюжетті фотосуреттерді тіркеп жіберуге болады (сканирленген фотосуреттердің өлшемі 10х15 мм, 300 ppi кем емес);
• пайдаланған кестелер, диаграммалар, графиктерді, пайдаланылған бағдарламалардың (Word, Excel, PowerPoint және т.б.) бастапқы пішімінде материалға қоса тіркеу қажет;
• мақала көлемі атауы мен әдебиеттер тізімін қоса санда 3 беттен аспауы қажет;
• мақаланы төмендегідей талаптарға сәйкес ресімдеу керек: Microsoft Word, кегль – 12 пункт, гарнитурасы - Times New Roman, парақ пішімі - А4, жиектері - 2 см, жоларалық интервал – жалаң, бірінші жол – 1, 25 см бос жер, азат жолға дейінгі және кейінгі интервал - 0 см;

ТРЕБОВАНИЯ/УСЛОВИЯ

Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами;
• необходимо указывать: фамилию, имя и отчество автора (полностью), учёную степень, звание, должность, полное название учреждения;
• фото автора статьи обязательно и должно иметь размеры не менее 4950х3510 пикселей (не менее 6х12 мм, 300 ppi), фото в статью не помещать;
• желательно сопроводить статью сюжетными фотографиями, которые будут отражать суть и идею статьи (размер отсканированных фото не менее 10х15 мм, 300 ppi);
• используемые таблицы, диаграммы, графики должны прилагаться к материалам в исходном формате используемых программ (Word, Excel, PowerPoint и др.);
• аннотация должна содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 6 строк, выполняться на двух языках, отличающихся от языка статьи (пример: если статья написана на русском языке, то аннотация пишется на английском и казахском);
• максимальный объем статьи не более 3 страниц, включая название, список литературы;
• статью оформлять в соответствие с требованиями: Microsoft Word, кегль – 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, формат листа - А4, поля - 2 см, междустрочный интервал – одинарный, первая строка – отступ на 1, 25 см, интервал перед и после абзаца – 0 см;
Эл. почта: **kalam2025@mail.ru**